

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(26) сәуір-маусым 2021
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Есімхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразак Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабасева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожрахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arbaev Kyrgyz State

University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAMP/MPHTI/IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.51943/2710_3994_2021_2_5-17

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК КІТАПТАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

Абикова Г.М.¹, Бегімова М.Қ.²

¹Докторант. әл-Фараби ат. ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы қ.

²ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» ОҒК қызметкері, магистр. Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада бұрынғы Ғылым академиясының, қазіргі «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының құрылуы тарихы баяндалады. Авторлар кітапхананың кітаптармен толықтырылуы, кітапхананың директорлары мен кітапхананы дамытудағы К.И. Сәтбаев, М.О. Әуезовтің тигізген үлесі жайында мәліметтер келтіріледі. Ғылым академиясы жанынан құрылған Кітапхана Кеңесінің атқарған жұмысына тоқталады. Сонымен қатар кітапхананың «Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет» бөлімінде сақталған шығыс, шағатай, қазақ және басқа тілдердегі қолжазбалар, сирек кітаптардың жиналуы, сақталуы мен олардың маңызын ашады. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және т.б. тарихи тұлғалардың қолжазбалары мен кітаптарына, парсы, араб, қазақ, түрік, қытай және т.б. елдердің қолжазбаларына талдау жасалынады, деректік маңызы айқындалады. Тәуелсіздік жылдарында кітапхананың сирек қор бөлімінің негізгі жұмыс бағыты мен өткізілген ісшаралар, бөлімнің шығарған еңбектері баяндалады. Сирек қорды қолжазбалар мен кітаптармен, ұлттық әдебиеттермен толықтыру мақсатында арнайы түрде ұйымдастырылған экспедициялар, ғылыми іссапарлардың мәнісі нақтыланады. XX-XXI ғасырдағы кітапханалар арасындағы айырмашылықтардың мәнісі түсіндіріледі.

Түйін сөздер: кітапхана, сирек қор, ғылым, Кітапхана Кеңесі, қолжазба, кітап, ұлттық әдебиет, мерзімді баспасөз

РЕДКИЕ КНИГИ И РУКОПИСИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ

Абикова Г.М.¹, Бегімова М.Қ.²

¹Докторант. әл-Фараби ат. ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы.

²ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» ОҒК қызметкері, магистр. Қазақстан, Алматы.

Аннотация. Статья посвящена истории создания Центральной научной библиотеки при Академии наук, ныне известной под названием Центральная научная библиотека РГП «Ғылым ордасы». В данной статье авторами будут предоставлены некоторые малоизвестные сведения касательно работы библиотеки. В качестве примера можно привести сведения о директорах научной библиотеки, сведения по пополнению фондов в научной библиотеки и сведения о личностях Каныша Имантаевича Сатпаева и Мухтара Омархановича Ауезова, которые внесли огромный вклад в развитие научной библиотеки.

Основой для данной статьи послужили материалы о разделе «редкие книги, рукописи и национальная литература». Раздел «Редкие книги, рукописи и национальная литература» ЦНБ содержит в себе ценные рукописи, написанные на арабском, персидском, чагатайском, османском и на др. языках, книги литографии и большое количество научных, научно-популярных, художественных редких произведений на русском и др. иностранных языках. В

рамках научноисследовательских работ Редкого фонда ЦНБ проводится кодикологический разбор рукописей, анализ и исследования редких книг, исследования исторических личностей, таких как Абай Кунанбаев, Чокан Валиханов и т.д. и их творческое наследие на основе фонда. Также в статье освещаются основные направления работы отдела Редкого фонда ЦНБ проведенные и проводимые в годы независимости. Также уточняется предмет специально организованных экспедиций, научных командировок, целью которых было пополнение редкого фонда рукописями и книгами, национальной литературой. Помимо вышеуказанных сведений, в статье дается объяснение сущности различий между библиотеками XX-XXI веков.

Ключевые слова: библиотека, редкий фонд, Наука, библиотечный совет, рукопись, книга, национальная литература, периодическая пресса.

RARE BOOKS AND MANUSCRIPTS OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY

Abikova G.M.¹, Begimova M.K.²

¹PhD Student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty

²Master's Student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty

Abstract. This research paper is devoted to the history of the creation of the Central Scientific Library at the Academy of Sciences, now known as the Central Scientific Library of the RSE "Gylym Ordasy". In this article, the authors will provide some little-known information about the work of the library. For example, they give information about the directors of the scientific library, information about the replenishment of funds in the scientific library, and more information about Kanysh Imantaevich Satpaev and Mukhtar Omarkhanovich Auezov. They made a massive contribution to the development of the scientific library.

This research paper explores «rare books, manuscripts and national literature» as well. The section "Rare books, manuscripts and national literature" of the Central Library of National Library of Sciences contains valuable manuscripts written in Arabic, Persian, Chagatai, Ottoman and other languages, books of lithography, and a large number of scientific, popular science, and rare artworks in Russian, etc., foreign languages. Within the framework of the research works of the Rare Fund of the Central National Library, codicological analysis of manuscripts, analysis and research of rare books, the study of historical figures such as Abai Kunanbayev, Chokan Valikhanov, etc., and their creative heritage are carried out based on the fund.

The article also highlights the main areas of work of the Department of the Rare Fund of the Central National Library conducted and conducted in the years of independence. Also, the subject of specially organized expeditions, scientific trips, replenishing the rare fund with manuscripts and books, national literature is specified. In addition to the above information, the article explains the differences between the XX-XXI centuries' libraries.

Keywords: library, rare collection, Science, library council, manuscript, book, national literature, periodical press.

Кіріспе

Қазақтың «Жақсы кітап – жан азығы», «Күш – білімде, білім - кітапта» деген мақалмәтелдердің зор мәні бар. Кітап арқылы көп нәрсені оқып, біліп үйренуге болады. Ұлы ақын Абай Құнанбаев «Артық білім кітапта» деуі осыған дәлел деуге болады. Кітаптану да өзіндік бір ғылым дей аламыз. Қазақстандағы кітапхана саласының құрылуының өз тарихы бар. Патша заманында құрылған қазақ жерінде бірнеше ірі кітапханалар болған. Бұл ретте Семей

қаласының кітапханасын айтуымызға болады. XIX ғасырдың өзінде мәдени ошақтың біріне айналған бұл кітапханаға патша үкіметінің қуғынына ұшырап, жер аударылып келген социал-демократтардың, қазақ ағартушылары, зиялыларының, қазақтың жоғары оқу орындарында оқыған жастарының бас қосатын орталығы болды. Верныйдағы кітапханаға да оқыған, білімпаздар толассыз келіп, сирек, жаңа кітаптармен, газет-журналдармен танысып отырған.

Материалдар мен әдістері

1932 жылы құрылған Орталық ғылыми кітапхананың құрылғандығын зерттеу барысында мәселенің қойылуын, тақырыпты зерттеудің құрылымын, құжаттардың шынайылығын тексеру және оны қолдану, алынған нәтижелерді түсіндіру сияқты методологиялық негізін қарастырылды. Мақала барысында қолданылатын материалдарға талдау жасау арқылы қорытындылау, салыстырмалы, жүйелік сипаттау, сандық талдау, жинақтау, сараптау сияқты әдістер кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, қорытынды түрде саралау, тұжырым жасау, сипаттаубаяндау әдістері де қолданылды.

Талдау

Қазақстандағы кітапханалардың қалыптасуы мен дамуы, қызметі, оның ішінде бұрынғы Ғылым Академиясының, қазіргі Ғылым Ордасын Орталық ғылыми кітапхананың тарихына арналған еңбектер жоқтың қасы. Дегенмен, кітапхананың құрылуы мен қызметіне қатысты ішінара жазылған мақалаларды атап өту керек. Бұл ретте Орталық ғылыми кітапхананың 70 жылдық мерейтойына арналған «Мұра» атты жинаққа енгізілген материалдарды айтуымызға болады. Жинаққа кітапхананың құрылуына, қорларына арналған ғалымдардың мақалалары мен кітапхана қызметіне қатысты құжаттарды айтуымызға болады (Мұра, 2002:250).

Сонымен қатар тарихшылар В.З. Галиевтің, С.О. Смағұлованың, Ж.М. Төлебаеваның, Г.Н. Ксенжик, Н.Ә. Атығаев және т.б. зерттеулерін айтуымызға болады. Ғалымдардың мақалаларында Ғылыми кітапханалардың құрылуы, кітаптармен толықтыру барысы, кітапхана қорындағы картографияға қатысты зерттеулер, сирек кітаптар мен мерзімді басылымдардың маңыздылығы барысы ашылады (Сирек кітаптар, 2013: 260).

Қазақ КСР Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасының құрылуы тарихы ғалым Б. Асанованың зерттеуінде шағын түрде келтіріледі (Асанова, 2014: 270-273).

Кітапханада сақталған қолжазбалар мен сирек кітаптар туралы мағлұматтарды аннотацияланған библиографиялық көрсеткіштерден алуымызға болады (Революцияға және т.б.). Дегенмен, бұл зерттеулер Орталық ғылыми кітапхананың тарихын ашуға аздық етеді, сондықтан болашақта терең зерттеу маңызды.

Зерттеу нәтижесі

Кенестік үкіметінің құрылуы ағарту, мәдени салаларға өзгерістер әкелді. Сауатсыздықты жою, қазақ балаларын жаппай міндетті оқуға тарту міндеттерін жүзеге асыру барысында жаңа тұрпаттағы мектептердің ашу ісі қолға алынды.

Жаңа үкіметтің білім, ғылым саласына көңіл бөлуі кітапханаларды көбейтуді қажет етті. Үкімет кітапханаларды құру және оларды кітаптармен толықтыру ісін қолға алды. 1931 жылдың наурызында Қазақ КСР ОАК-нің қаулысымен көпшілік кітапхананың ашылуы, одан кейін 1932 жылдың 28 ақпанында КСРО ҒА жалпы жиналысында Қазақ КСР Ғылым академиясының базасын ұйымдастыру туралы шешім қабылдануы, ғылым саласын дамытуды, ол үшін ғалымдарды даярлау қажетін талап етті (Культурная, 1976: 271). КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы осы жылы өз кітапханасын құрып, ең алғашқы кітап қоры КСРО Ғылым академиясының сыйға тартқан бар-жоғы 2000 кітаптарды құрады.

Ғылыми кітапхананың ашылуы оның кітаптармен толықтыру, сақтау, оларды тікеуге алып, каталогтау, абонемент жүйесін құру жұмысын жүргізуді талап етті. Кітапханаға Санкт-Петербургтағы Салтыков-Щедрин атындағы Ресей Ұлттық кітапханасынан, Том университетінің және тағы басқа кітапханалардан кітаптар сыйға жіберілді (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 1-іс. 10-п.).

30-жылдардағы нәубеттерге, оның ішінде ашаршылық, қуғын-сүргіндерге қарамастан кітапхана ісінде алға жылжушылық байқалды. Кітапхана қоры жаңа кітаптармен шетел әдебиеттерімен, мерзімді басылымдармен толыға түсті. Ғылым ордасының ғылыми архивіндегі құжаттарға сүйенсек, 1938 жылы кітап қорына 3000 мың кітап қосылған. Осы жылы 140 журналдар мен қазақ және орыс тілдерінде 14 газеттер жаздырып алған (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 2-іс. 1-1-арт. пп.).

Фашистік Германия Кеңестер Одағына шабуыл жасап, шекарадан ішкерілей еніп, ел басына ауыр жағдай туған кездің өзінде кітапханалар толық режимде жұмыс істеді. Соғыс қимылы жүріп жатқан территориядағы, әсіресе Мәскеудегі ғылыми зерттеу институттарында жұмыс істеген тарихшығалымдардың Алматыға келуі және олардың ғылыми кітапханаларда жұмыс істеп, зерттеулер жүргізуіне барлық жағдай жасалынды. Кітаптардың каталогын жасау, олардың әрқайсысына сипаттама жазу, кітаптарды тізімдеу жұмыстары жүргізілді.

Кітапханаға түскен сирек кітаптардың арасында араб тіліндегі кітаптардың алфавиттік каталогы жасалынып, оларға сипаттама жасалынды (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 3-іс. 10-п.). Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, яғни 1946 жылдың басында ғылыми кітапхана «Орталық ғылыми кітапханасы» деп аталды (Наука, 1981: 272). Кітапхананың алғашқы директоры болып С.М. Рейдер тағайындалады. Ол бұл қызметті 1949 жылға дейін атқарды. Оның басшылық құрған кезінде кітапхананың ережесі мен тәртібі бекітті. Кітапхананың сирек қорын шығыс тіліндегі басылымдармен, қолжазбалармен толықтырды. Абайдың қолжазбалары жинастырылып әкелінді.

Осы жылы Қазақ КСР ҒА Призидумы жанынан құрамында Қазақ КСР Ғылым Академиясы Президиумының мүшелері М.О. Әуезов, хатшысы И.Т. Дүйсенбаев, Орталық ғылыми кітапхананың директоры С.М. Рейдер, Қазақ КСР Ғылым Академиясының корр.-мүшесі Н.У. Базанова сияқты ғалымдары бар Кітапхана кеңесі құрылып, оның төрағалығына академик Н.Г. Кассин тағайындалып, кітапхананың дамуында келелі жұмыстар атқарды (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 3-іс. 6, 6 арт.- пп.).

Кітапхана кеңесі бөлімдерді кітаптармен толықтыру барысына да аса назар аударып, шетелден қолжазбалар, сирек кітаптар, ғылымға қажетті әдебиеттерді әкелуде қаржы бөлу мәселесі, іссапар, экспедиция ұйымдастыру жолдарын шешті. Кеңестің басшылығымен кітапханаға қажетті мамандарды тарту ісі де жолға қойылды. Мәселен, араб, парсы және тағы басқа құнды жәдігерлерді оқуға мамандар тартылып, каталог жүйесіне енгізу жұмыстары атқарылды.

Орталық ғылыми кітапхананың библиография, кітап қорын жинақтау және есепке алу, каталогтандыру және тағы басқа бірнеше бөлімдері құрылды.

1949 жылдың басында кітапхананың директорлығына кітапхана ісінің маманы Ф.В. Жизневскийдің келуі ғылыми кітапханаға жаңа серпіліс әкелді (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 10-іс. 6-п.). Кітапхана ережесіне өзгерістер енгізіп, оқырмандарға қызмет көрсету тәртібін күшейтті. Себебі, оқырмандарға дөрекі сөйлеу, дер кезінде қызмет көрсете қоймау сияқты фактілер анықталған екен. Жаңа басшы осындай олқылықтарды жою және кітапханашылардың кәсіби сапасын көтеру мақсатында 1950 жылы кітапхана қызметкерлерін аттестациялау жүйесін енгізді (ҒО ҒА. 10-қ., 1-т. 12-іс. 4-5-пп.). 4

0-жылдың соңы мен 50 жылдың басында кітапханаға қолжазбалар әкелу ісі жолға

қойылды. Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті болған Қ.И. Сәтбаев қазақ ағартушылары Ш. Уәлихановтан бастап, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың еңбектерін жинастырып, ғалымдарға қолжетімді қылуға көп үлес қосты. Нәтижесінде сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры құрылып, қазақ, орыс тіліндегі ғана емес, шетелден әкелінген материалдардың қатары көбейді. Қазақ әдебиетіне, тарихына қатысты сирек кітаптар, қолжазбалардың қатарынан «Шора батыр», «Бекет батыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер тарғын», «Айман-Шолпан» сияқты қазақтың жырларын, ертегілерін және шенешдік сөзін жинаған Әбібәкір Диваевтың қолжазбасы (Отчет, 1956: 2-3). Ғылыми жұмыстарын қорғаған ғалымдардың диссертациясы кітапханаға өткізілетін болды.

Орталық ғылыми кітапхананың қызмет аясы да кеңейді. Кітапханада бар барлық материалдармен ендігі жерде қарапайым оқырмандар, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, өзге мемлекеттерден іссапармен келгендерге жұмыс істей алатын болды. Абономент жүйесінің кеңеюіне байланысты Академияның барлық қызметкерлеріне тек оқу залындағана емес, үйге кітап алу мәселесі де шешілді. Оқырман залы шағын болса да кітапхана бірден 25 адамға қызмет көрсете алды.

Ф.В. Жизневскийден кейін 1957-1987 жылдар аралығында Орталық ғылыми кітапхананы Нұрхан Бәтешқызы Ахметова басқарды. (Мұра, 2002: 5). Ахметованың тұсында 1959 жылдың қаңтарында «Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет» бөлімі ашылып, оның алғашқы меңгерушісіне Әзім Абдоллаұлы Байтасов тағайындалды. Бастапқы кезде бөлімде бар-жоғы 3400 ғана кітаптар болған. Осы жылы Ресейдің Москва, Ленинград сияқты қалаларына, көршілес республикаларға, атап айтқанда Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Әндижанға іссапарлар ұйымдастырылып, нәтижесінде сирек кітаптар мен қолжазбалардың қатары көбейді.

1959 жылдың есебіне сүйенсек, осы қалалардан кітап, қолжазбалардан басқа 265 дана микрофильмдік көшірмелер, 27 басылымға фотокошірме жасалынды (Отчет, 1959:7-8).

Бөлімде 1959 жылдың соңына қарай 40 000 данадай бірлік топтастырылған. Оның ішінде 30 мыңы қазақ тіліндегі кітаптар, диссертациялар, қолжазбалар, 10 мыңы шығыс, қазақ, шағатай тілдеріндегі сирек кітаптар болды. Қолжазбадан Шыңғыс Уәлихановтың (1880), Шәкәрім Құдайбердиевтің (1932), «Жапон соғысының тарихы» (1909), «Қырғыздардың демонологиялық әңгімелері» (1897) келіп түскен (Отчет, 1959: 20-21).

60-жылдардың басында Орталық ғылыми кітапханада ілгерілеу процесі жүріп, кітаптармен толығу, ескі кітаптарды өңде қолға алынды. Ұйымдастырылған экспедициялардың нәтижесінде бөлімге үш жарым мыңға жуық сирек кітаптар мен қолжазбалар, басқа да әдеби кітаптар әкелінді. Сирек кітаптың жүйелі каталогы жасалынып, әр кітапқа сипаттама жасалынды. Қолжазбалар жеке тіркелінді және олардың сақтауда арнайы папкалармен қамтамасыз етілді.

Р.Т. Бірімжарованың жазуы бойынша, 1940-60 жылдары Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Сырдария, және тағы басқа облыстарға ұйымдастырылған экспедициялардың нәтижесінде ғалымдар ер аралап, түрлі қолжазбаларды жинап, қорға өткізген. Экспедицияға жіберілгендердің арасында Ә. Марғұлан, М. Хакімжанова, Ф. Ғабитова, Ш. Құсайынов сынды белгілі ғалымдары мен зерттеушілері болған (Сирек кездесетін, 2004: 8).

Қазірде бөлімдегі 2151 бума (22 мың данадан аса) қолжазбалар бар, бұлардың 10 мыңы шығыс тігіндегі қолжазбалар болып табылады. Қорда 300-ден аса араб және басқа шығыс тілдеріндегі Құрандар мен Тәпсірлер сақталған. Бұлардың арасында XII ғасырға жататын, ұзындығы 26 метр еврей халқының діни қолжазбасы «Тора» бар. 2001 жылы бұл қолжазба М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтынан кітапханаға әкелініп, тапсырылған.

Негізінде бөлімде бар қолжазбаларды тілдеріне қарай бөліп көрсетуге болады. Олар: шығыс (араб, парсы, ұйғыр, қырғыз, өзбек, татар, тәжік, әзірбайжан, қытай тілдеріндегі), қазақ, славян қолжазбалары.

Бөлімде сақталған қолжазбалардың ішінде тарихи маңыздылығы зор көне заманнан бері бағалы шығыс тіліндегі қолжазбалар Бұлардың арасындағы парсы тілінде қолжазбалар Осы қолжазбалардан қазақ тарихына, мәдениетіне қатысты тым мәліметтер алуға болады.

Кітапханада сақталған қолжазбалардың арасында Құран қолжазбалары көптеп кездеседі. Бөлімінде Құран мен осы Құранға түсіндірме сөздіктерінің 300-ден аса қолжазбасы бар. Олар бөлімге әр түрлі жолдармен әкелінген.

Бұлардың арасынан «Құран-и маджид-и мутарджам, ма нусха-йи Тафсир-и Хусайни» қолжазбасына тоқталайық. Арабшадан парсыға Шах Валийаллах тәржімалаған. Құран аяттары берілген кітап ескі, қағазы да сарғайған. Бірақ жазуы айқын.

Келесі Құран қолжазбасына Мулла Артықтың көшірмесін айтуға болады. болады. Бұл құран 1271/1855 жылдары аралығында көшірілген. Кітаптың көлемі: 53x31 см. 276 беттен тұрады. Сапасына келсек, өте ескі, шыққан жері, баспасы көрсетілмеген. Бір ерекшелігі қолжазбаның бастапқы екі беті ақ қағаздан тұрады. Құранның дұғалары екінші беттен басталады.

Қолжазба «Фатиха» сүресімен басталып, қысқа сүрелерге жалғасады. Дұғалар ретсіз орналастырылған (Сирек кездесетін, 2004: 75-76).

Құрандардың арасында көлемі жағынан ені 2,5 см, ұзындығы 3,5 см ғана болатын кішкене Құрандар да бар. «Фатиха» және «Бақара» сүресінен басталатын қолжазба араб тілінде жазылған және шағын ғана қорапта сақталған.

Бөлімде ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мен Фердоусидің қолжабалық еңбектері бар. Соның ішінде Фердоусидің «Шахнаме» дастаны ертдегі Иранның Сасанидтер әулеті билігі кезеңінде жатады. Шығыстанушы Г.М. Әбікованың жазуынша, «Шахнамені» екі мағынада түсінуге болады. Оның біріншісін патшаларға арналған кітап ретінде, ал екіншісін көлеміне, мазмұнына қарап, «кітаптар патшасы» деп түсінуге болады. Жалпы бұл қолжаба жайында Г.М. Әбікова былай келтіреді: «Бұл шығарма Иран елінің елу патшалығын аты аталып, билік құрған кездері бейнеленген, X ғасырдағы Сасанидтер әулеті билігі кезеңінде Иран халқының арабхалифтеріне қарсы соғыстарында батылдығын, еліне-жеріне деген сүйіспеншілігін жырлайды. Сасанидтер әулеті әлсіреп, Ғазнауилер әулеті дәуірлеп тұрған кезде жазылған «Шахнаме» алуан қырлы жайларды қамтып, мемлекет мерейі, халық күйі, отансүйгіштік және достық арналары жайлы толғайды. «Шахнаме» тек қана тарихи-батырлық шығарма ғана емес, ежелгі Иран тарихын, жағрафиясын, патшалар династиясын, дәстүрін, дінін зерттеушілер үшін таптырмас материал (Сирек кездесетін, 2004: 84).

Жалпы Фердоусидің «Шахнаме» дастанының үш нұсқасы бар. Бөлімде оның бір нұсқасы сақталған. Қағазы көнеріп, жазуы жайылып, көше бастаған. Бұл қолжазбаның қазақ тіліндегі нұсқасын молда Ораз бен Тұрмағамбет Ізтілеуов аударған деседі (Қазақ әдебиетінің, 1965: 315). Өкінішке орай ол аударма нұсқа бізге жетпеген.

Қолжазба қорында сақталған екінші нұсқасы - 122 беттік «Рүстем дастаны». Бірақ бұл қолжазбаның кейбір беттері жоқ. Жұлынып алынып қалса керек. Оны Рахымбай Құлбайұлы деген адам жинастырып, сирек қорға 1948 жылы тапсырыпты (ҚР БҒМ ОҒК. Қолжазба, 840-папка. №1.).

Фердоусидің «Шахнаме» дастанының бір нұсқасын Сабыр Шәріпұлы тапсырыпты. Бірақ қолжазба бар-жоғы бес беттен ғана тұрады. Осындай бір нұсқаны А. Тәжібаева тапсырыпты. Қолжазба араб графикасымен жазылған. 442 беттен тұрады. Қалың екі дәптерге көшірілген. Қарапайым сөзбен аударылған. Кейбір жерлерінде өлең үзінділері де келітіреді (Сирек кездесетін, 2004: 90-91). Бұл қолжазба тарих, әдебиет салалары үшін аса маңызды деуге болады.

Ал славян тіліндегі қолжазбалардан А. Бернштамның 30 беттік «О происхождении казахского народа» қолжазбасы атауымызға болады. Бұл қолжазбада қазақ халқының шығу тегі

мен этногенезі жайында мәлімет келтірілген. Қолжазба иесі А.Вамбери, К.Богрянродный, Н.Аристов, Н.Харузиннің хазарлар, сақ, ғұндар жайында жазғандарын қолданған. Сонымен қатар М.Ауфидің дулат, ұйғыр, үйсін, қаңлы турасындағы жазбасын да қолданған. Қолжазбада қазақтың тұңғыш хандары Жәнібек пен Керей туралы мәліметтер де бар.

Қазақ тіліндегі қолжазбалардың арасынан қисса-хикаялар, билер сөзі, шығыс дастандары, батырлар жырлары, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа қатысты қолжазбалар бар. Бұл ретте Сүгін ақын, Шернияз ақын, Доскей ақын, Ғазиз ақын, Нысанбай жырау және т.б. қолжазбалық шығармаларын атауымызға болады (Ғылыми кітапхананың, 2015: 6-7). Қолжазбалардың арасында шежірелер көп кездеседі. Қазақта шежірені білу аса маңызды. Бөлімдегі ең ірі шежіренің қатарына «Хандар шежіресі» қолжазбасы жатады. Шағатай тілінде жазылған. Бұл қолжазба қорға 60-жылдары түскен. Оны Құлбосынов деген қазақ тапсырған екен. Ұзындығы 3 метр де, ал ені 45 см-дей. Қолжазба XVII-XVIII ғасырларға жатады. Қолжазбаның әбден тозығы жеткен, қағазы сарғайып, шеттері тозып, кірлеген, жыртылған (Қазақ шежірелері, 2005: 8). Осы себептен ғалымдарға қолжазбаны бірден оқып кету ауыр тиеді. Қолжазба келген кездің өзінде өңдеу мен жөндеуден өткен (Сирек кездесетін, 2004: 32-33).

Шежіренің ішкі мазмұнына үңілсек, үш ірі тарауға бөлінген. Деректік негізіне келсек, ондағы мәліметтер тарихи деректер негізінде жасалғанын байқауға болады. Жалпы қолжазба өзінің көнелігімен құнды деуге болады.

Шежіренің ішкі мазмұнына үңілсек, оның аңыз бойынша емес, тарихи деректер негізінде жасалған деректі шежіре екенін аңғару қиын емес. Сонымен, бұл шежіре ауқымы жағынан, қамтыған мазмұны жағынан жалпы адамзат тарихына қатысты шежіре деуге болады. Қазақ халқының тарихына тікелей қатысты деректер, әрине, қазаққа, қазақ хандарына қатысты тұстарына келгенде жойылып кетуінен болған деуге болады. Бұл қолжазба өзінің көнелігімен, ауқымдылығымен, мазмұнымен бізге жеткен жазба мұра есебінде құнды екендігінде дау жоқ (Сирек кездесетін, 2004: 34-35).

Сирек қорда бұл шежіресінен басқа бірнеше ірі шежірелер бар. Бұларға «Шыңғыс хан және оның билері» қолжазба генеалогиялары мен «Шыңғыс хан шежіресін» айтуымызға болады. Осы екі шежірені біріктіріп, «Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі» жинағы шығарылған. Шежіренің мазмұнына үңілсек, XIV ғасырдың басынан бастау алған қазақ хандығының саяси мемлекеттік деңгейге көтерілу барысы мен хандық биліктің генеалогиялық тармағын көруімізге болады. Ал Шыңғыс хан шежіресі ханның үрім-бұтақтарының таралу тізімін саралап береді (Қазақ жазбаларындағы, 2015: 4-6).

